КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
## Ш Е Ш І М

2026 жылғы 22 қантар №7119-25-00-2/15479 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Бәйтерек ауданының 2-ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Alpha Way» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Бәйтерек ауданының 2-ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер «Alpha Way» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Alpha Way» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Alpha Way» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына пайдасына 1 391 (бір мың үш жүз токсан бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 42 (қырық екі) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер «Alpha Way» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 22.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Кусманова А. К., 03.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Бәйтерек ауданының 2-ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынға бюджеттен 1 924 (бір мың тоғыз жүз жиырма төрт) теңге сомасында мемлекеттік баж салығы қайтарылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 22.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Кусманова А. К., 03.03.2026

7119-25-3-1/15580